

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақының мөлшерін белгілеу туралы

Жетісу облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 маусымдағы № 139 қаулысы "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7232 болып тіркелген) сәйкес, Текелі қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Текелі қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Әділ

Текелі қаласының әкімдігінің 2024
жылғы 4 маусымдағы № 139
қаулысына қосымша

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері

№	Тұрғынжайдың мекен-жайы	Айына бір шаршы метр үшін төлемақы мөлшері (теңге)
1	Текелі қаласы, Орақты Батыр көшесі № 54 үй	137,18 теңге
3	Текелі қаласы, Орықты Батыр көшесі № 53 А үй	202,33 теңге
4	Текелі қаласы, Рудничный а/о, Әсет Бейсеуов көшесі № 5 үй	67,76 теңге
5	Текелі қаласы, Қаратал көшесі, № 143 үй	212,37 теңге
6	Текелі қаласы, Теміржол көшесі, № 8 А үй	117,61 теңге
7	Текелі қаласы, Балпық би көшесі, № 24 үй	164,57 теңге
	Текелі қаласы, Береговая көшесі,	

8	№ 27 үй	203,06 теңге
9	Текелі қаласы, Достық көшесі № 41 үй № 3 пәтер	123,83 теңге
10	Текелі қаласы, Сейфуллин көшесі № 30 А үй	198,93 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК